

Құттықтаймыз!

Бәріміздің ақылшымыз, жол көрсетер керуен басшымыз, асқар таудай тірегіміз, ардақты жанашыр өкеміз **БЕКЕЕВ Талғат Төлеуқұлұлы!**

Сізді зейнеткерлік жасқа толуыңызбен құттықтаймыз. Ардақты өкемізге ғұмырыңыздың әрбір сәті нұрға толсын деп, көзіңіздің нұры - балаларыңыздың, немерелеріңіздің қызығына бөлініп, анамыз екеуіңіз шаттыққа толы өмір кешіңіздер. Жұлдызыңыз биік, бақытыңыз баянды болсын. Туған-туыс пен дос-жаранның арасындағы қарым-қатынасыңыз тек жақсылыққа толы болсын. Алла көрер қызығыңыз бен ырысыңызды тауыспасын. Ғұмырлы болыңыз!



Ұл-қызының сезінумен арманын, Ойлайтуғын әке-асқар тау жан-жағын. Қуанышпен құттықтаймыз бүгін біз өкеміздің 63-ке толғанын. Әрбір белес, әрбір асу, ол-бір із, Қашанда да жақсылыққа сендіңіз. Өмір-жолда бізге өнеге, үлгі бол, Міне, Сіз де 63-ке келдіңіз. Ақтара алсақ ақ тілектің сандығын, Шаттық ойнап атсыншы аппақ таң бүгін. Құтты болсын, Әке, туған күніңіз, Тілейміз біз жан мен тәннің саулығын! Өткен шақтан қалды сізге бүгін із, Сәтті күндер болсын әрбір күніңіз. Балалардың қызықтарын қызықтап, Ортамызда аман-есен жүріңіз!

Ізгі ниетпен: жұбайы - **Ираш**, балаларыңыз - **Ербол-Дана, Жандос-Жадыра, Асхат-Аулым**, немереңіз - **Азиза**, жиендеріңіз - **Айнара, Жаннұр, Айтуған, Раяна, Жантөре**.

Құттықтаймыз!

Ақадыр кентінің тұрғыны, ардақ тұтар аяулы қызымыз **ХАМЗАБАЕВА Қырымзы Аманкелдіқызын** 50 жасқа толған мерейтойымен құттықтаймыз!

Ағайынға, туған-туысқа ғана емес, өзін білетін барша жанға сыйлы, беделді бауырымызға әлемнің бар жақсылығын тілейміз.

Өмірдің қызық-қуаныштарын бірге бөліскен ардақты күйеу баламыз Нұрәулет екеуіңіздің шаңырақтарың шаттыққа толсын!



Ақ тілекпен,
Хамзабаевтар әулеті.

Құттықтаймыз!

Ақсу-Аюлы ауылының тұрғыны, отбасының қорғаны, балаларының аяулы әкесі, адал жар, немерелерінің сүйікті атасы **АХМЕТЖАНОВ Жанат Сәмиғоллаұлы** адам өмірінің айтулы белесі - 60 жасқа толған мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз!

Сізге жарқын да мағыналы өмір, көтеріңкі де кіршіксіз көңіл, деніңіздің саулығын, отбасының амандығын, қызыққа толы ғұмыр кешіп, көпшіліктің ыстық ықыласы мен құрметіне, ризашылығына бөлене беріңіз. Өмірдің барлық қуанышын қызықтап, Алланың берген жасын жасап, кісілік келбеттеріңізден танбай, несібе-дәулеттеріңіздің арта беруіне ақ тілегімізді білдіре отырып, төмендегі өлең жолдарың арнаймыз.



Ақтара алсақ ақ тілектің сандығын, Шаттық ойнап атсыншы аппақ таң бүгін. Құтты болсын, Жанат, туған күніңіз, Тілейміз біз жан мен тәннің саулығын!

Өткен шақтан қалды сізге бүгін із, Сәтті күндер болсын әрбір күніңіз. Балалардың қызықтарын қызықтап, Ортамызда аман-есен жүріңіз!

Ізгі тілекпен: **Мейрам-Ажар, Айгүл, Қайыржан-Күләйла, Жандос-Нәзия, Айдар-Айман, Қамидолла, Жасұлан-Несіп, Бадановтар әулеті.**

Құттықтаймыз!

Құрметті АМАНЖОЛ Нықашұлы!

Сізді адам өміріндегі атаулы белестердің бірі 60 жасқа толған мерейтойыңызбен шыннай пейілмен құттықтаймыз!

Сіз бүкіл саналы ғұмырыңыз бен ақыл ой парасатыңызды, бойыңыздағы күш қуат жігеріңіз бен біліміңізді ауданымыздың ауылшаруашылығы саласын дамытуға арнап келесіз.

Сіз ақ адал еңбегіңізбен ел сүйсінетін беделіңіздің және туған жерге деген жанашыр қадір қасиетіңіздің арқасында, халықтың ілтипатына бөлініп ақ батасын алып жүрген аяулы жансыз.

Екі мәрте аудандық мәслихаттың депутаты болып сайлануыңыз соның бір дәлелі.

Сізге мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасылық бақыт, шаттық пен бауырмалдыққа толы мерейлі күндер, әрқашанда қатарыңыздың алды болып, үкілі үміттеріңіздің орындала беруіне тілектеспіз.



Ізгі ниетпен: **Аудандық мәслихаттың депутаттары, аудандық мәслихат аппараты.**

Құттықтаймыз!

Ақсу-Аюлы ауылының тұрғыны, ардақты әке, асыл жар, немерелеріңіз сүйікті атасы **АХМЕТЖАНОВ Жанат Сәмиғоллаұлы** 12 қазанда асқаралы 60 жасқа толып отыр. Адам баласының ұзақ өміріндегі бел - белестердің бәрі де елеулі саналса керек. Сөйтсе - дағы кемел жасы 60 - тың орны мүлдем ерекше екені баршаға мәлім. Ағалық ардақты асудан асып, ақсақалдық мерейлі кезеңге көтерілер бұл шақтың тал түс аталуы берекесіз емес - ау.

Бүгінгі туылған күн иесі бағы жанса тасымаған, тіршіліктің қандай да ауырталықтарын, қиын кезеңдерін көрсе де мойымай, күресе білген азамат, аяулы жар, ардақты әке және де айнымас адал дос. Міне, қуанышымызды да, қайғымызды да бөлісіп, жұбымыз жазылмай бір-бірімізге сүйеу болып қатар жүргенімізге қанша жыл болды. Бірақ өкініштісі жас кездерінен тай құлпандай тегісіз бірге жүрген Зейіннен айырылып қалғаны. Екеуі де араларына қыл өтпес, бір-біріне адал достар еді. Аман қанша, уақыт емші дейді ғой. Енді ешқашан қатарымыз ажырамасын, бір-бірімізге деген ақ, адал сенімімізге көлеңке түспесін.

Қуаныштысы, мерейтойыңды отбасыңның алтын қазығы болған жан - жарыңмен бірге бала - шағаңның шаттыққа толы ортасында қарсы алып отырсың. Өсіп - өнген, ұрпақ тәрбиелеген, құда - құдағаларың мен дос - жарандарыңның ыстық ықыласына бөленген өзің тек жақсылықтар, қуаныштар мен бақытты ғұмыр тілейміз. Өміріңіз мәнді, шаңырағыңыз сәнді болғай. Дастарханыңыздан дәм-тұзыңыз үзілмей, барыңыз берекеге, берекеңіз мерекеге ұлассын.



Ақ тілекпен, жан жолдасы **Зейіннің** жұбайы - **Маркеш**, балалары - **Арнұр, Әлхайыр**.

Құрметті тұрғындар!

24.11.2023 жылы сағат 11.00-де Қарағанды облысы, Шет ауданы, Ақшоқы ауылы, Болашақ, 39а көшесінде орналасқан өкімдік ғимаратының залында «Алайғыр» БК» ЖШС-і өнеркәсіптік объектілері үшін өсер етуге экологиялық рұқсат алу үшін материалдары бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өтеді.

Қатысушыларды тіркеу 1 сағат бұрын, жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде енгізіледі. Төтенше жағдай кезінде белгіленген қоғамдық тыңдаулар онлайн режимінде Zoom платформасы арқылы бейнеконференция түрінде өтеді.

Конференцияға қатысу үшін төмендегі сілтеме арқылы өту қажет: <https://us05web.zoom.us/j/7199569053?pwd=QWdCdjZmWWJRandEZVQ4YXg0OE9SUT09>

Конференция сәйкестендіргіші: 719 956 9053
Құпиясөз: 1234
Тапсырыс беруші: «Алайғыр» БК» ЖШС-і (БСН 111040013165). Қазақстан Респуб-

ликасы, Қарағанды облысы, 100024 // М06Е9К3, Қарағанды қ., Қазыбек би атындағы аудан, Степной-2 шағын ауданы, 6/1, 8-701-244-93-10.

Материалдарды әзірлеуші: Асанов Даулет Асанович, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қ., телефон 8-777-148-53-39, e-mail: assanovd87@mail.ru.

Жергілікті атқарушы орган - «Қарағанды облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ-сі, тел: 8-(7212)-568-166, expertiza.upr.krg@mail.ru.

Жоба бойынша құжаттамалар БЭК-те <https://ecoportal.kz> және ЖАО-ның <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru> сайтында, «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде жарияланған.

Қосымша ақпаратты nursultan.aubakirov@alaigny-tks.kz, assanovd87@mail.ru эл. адрестері және 8-701-244-93-10, 8-777-148-53-39 телефон нөмерлері арқылы алуға болады.

Мүдделі жұртшылықтың ескертулері мен ұсыныстары <https://ecoportal.kz> мекенжайы бойынша «Жарияланған тыңдаулар» айдарында қоғамдық тыңдау күніне дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей қабылданады.

Уважаемые жители!

24.11.2023 года в 11.00 часов в здании акимата с.Ақшоқы по адресу: Карагандинская область, Шетский район, с.Ақшоқы, ул.Болашақ, 39а пройдут общественные слушания в форме открытого собрания по материалам для получения экологического разрешения на воздействие для промышленных объектов ТОО «СП «Алайғыр».

Регистрация участников ведется за 1 час при предъявлении документа, удостоверяющего личность.

В случае чрезвычайного положения данные общественные слушания будут проведены в режиме онлайн, посредством видеоконференцсвязи на платформе Zoom.

Для участия в слушаниях необходимо пройти по ссылке:

<https://us05web.zoom.us/j/7199569053?pwd=QWdCdjZmWWJRandEZVQ4YXg0OE9SUT09>

Идентификатор конференции: 719 956 9053

Код доступа: 1234

Заказчик: ТОО «СП «Алайғыр» (БИН 111040013165). Республика Казахстан, Карагандинская область, 100024/М06Е9К3, г.Караганда, район им.Казыбек би, микрорайон Степной-2, 6/1, тел. 8-701-244-93-10.

Разработчик материалов: Асанов Даулет Асанович, ВКО, г.Усть-Каменогорск, телефон 8-777-148-53-39, e-mail: assanovd87@mail.ru.

Местный исполнительный орган - ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области», тел: 8-(7212) - 568 - 166, expertiza.upr.krg@mail.ru.

Документация по проекту размещена на ЭЭП <https://ecoportal.kz/> и на сайте МИО <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru>, в разделе «Общественные слушания».

Дополнительную информацию можно получить по эл.адресам nursultan.aubakirov@alaigny-tks.kz, assanovd87@mail.ru и номерам телефона: 8-701-244-93-10, 8-777-148-53-39.

Замечания и предложения заинтересованной общественности принимаются не позднее 3-х рабочих дней до даты общественных слушаний по адресу <https://ecoportal.kz/> в рубрике «Опубликованные слушания».